**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН**
**ШЕШІМ**

2024 жылғы 10 қыркүйек іс № 5501-24-00-2/2553 Павлодар қаласы

Павлодар облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.С. Сләм, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібі бойынша азаматтық істі қарап:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Екібастұз қаласының №2 емханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын

**ЖАУАПКЕР:**
Калмуратов Усен Налибаевич «Калмуратов» жеке кәсіпкер

**ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:**
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы.

**ҚАРАР БӨЛІМІ:**
АПК-нің 109, 267-2, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШТІ:**

Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Екібастұз қаласының №2 емханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының Калмуратов Усен Налибаевич «Калмуратов» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы арызы қанағаттандырылсын.

Калмуратов Усен Налибаевич «Калмуратов» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Калмуратов Усен Налибаевич «Калмуратов» жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне төлем шығыстары бойынша мемлекеттік баж 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралған сот шешіміне, шешімнің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде сотқа, шешімнің күшін жою туралы талап арызбен жүгінуге құқылы. Талап арыз сотқа, егер жауапкер талап арыздың сотқа келіп түскені мен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралғаны туралы жеткілікті

дәрежеде хабарланбаған және талап арызға өз пікірін білдіре алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Павлодар облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы беріледі.

**Судья** **А. Сләм**

Құжатқа қол қойылған: Сләм А. С., 10.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 18.10.2024, судья Сләм А. С., 22.10.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»

5501-24-3-1/2816